

Үміткердің  
сәйкестендіру нөмірі:

---

# АҚКК Біліктілік КОМИССИЯСЫ

ШІЛДЕ 2024

## ҚҰҚЫҚ (азаматтық құқық, банк ісі, сақтандыру және зейнеткерлік заңнамалар)

Бөлінген уақыт: 3 сағат

Бұл емтиханда төрт тапсырма қамтылған, оның әрқайсысы бірнеше бөлімнен тұрады.

- 4 тапсырманың барлығын орындаңыз.
- Тапсырмаларға жауаптарға арналған орындарда жауап беріңіз.
- Жақшаның ішінде әр тапсырманың атауынан кейін оның ең жоғары балы келтірілген.
- Уақытты жұмсау бойынша ұсыныс:

1-тапсырма, 15 балл	23 – 30 минут
2-тапсырма, 15 балл	22 – 30 минут
3-тапсырма, 10 балл	15 – 20 минут
4-тапсырма, 60 балл	<u>90 – 100 минут</u>

Уақыттың жиыны: 150 – 180 минут

Программаланбайтын калькуляторларды қолдануға рұқсат етіледі.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Емтихандық буклетті емтихандық бөлмеден шығаруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.  
Сіз буклетті тапсыруыңыз қажет.

ЕМТИХАНДЫ БАСТАУҒА РҰҚСАТ АЛМАЙЫНША БҰЛ ПАРАҚТЫ АШПАҢЫЗ.

Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымның ешбір бөлімін заңнамамен тікелей көзделген жағдайларды санамағанда, АҚКК-ның алдын-ала рұқсатын алмайынша жаңғыртуға, деректерді сақтауға және өңдеуге арналған қандай да бір жүйеде сақтауға немесе электронды немесе механикалық құралдарды, соның ішінде ксерокөшірмелеуді, ақпаратты сақтауға немесе іздеуге арналған қандай да бір құрылғыларға жазуды қолданумен қандай да бір нысанда беруге болмайды. АҚКК-ның рұқсатын алуға арналған сұратуларлы мына мекенжай бойынша жолдап отыру керек: [kvalkom@psad.kz](mailto:kvalkom@psad.kz)

## 1-ТАПСЫРМА (15 балл)

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлер тобы жаңа коммерциялық банк құруға шешім қабылдады. Құрылтай жиналысында олар құрылтай шартына қол қойды, жарғылық капиталдың мөлшерін белгіледі, құрылтайшылар төлейтін акциялардың санын белгіледі және банктің қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыратын және тұрақты басқару органдары құрылғанға дейін оның мүдделерін үшінші тұлғалар алдында білдіретін уақытша басқарушыларды тағайындады. Сондай ақ жиналыста Банктің жарғысы бекітіліп оның қызметінің негізгі бағыттары келісілді. Алайда, қызметті жүзеге асырудың біраз уақытынан кейін қаржылық қиындықтар туындады, соның салдарынан банкті оңалту немесе тарату үшін шаралар қабылдау қажет.

1.1. Қазақстан Республикасында банк құру үшін қандай құжат қажет?

- а) БАҚ-та банктің құрылғаны туралы мақала жариялау.
- б) Банк қызметіне арналған лицензия.
- в) Сәйкестік сертификаты.
- г) Тіркеу куәлігі.

1.2. Қазақстан Республикасындағы қай орган банк қызметін жүзеге асыруға лицензия беруге уәкілетті?

- а) Қаржы министрлігі.
- б) Ұлттық банк.
- в) Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.
- г) Қаржылық мониторинг жөніндегі комитет.

1.3. Қазақстан Республикасында банк құру үшін ең аз жарғылық капиталға қандай талап қойылады?

- а) 1 миллиард теңге.
- б) 2 миллиард теңге.
- в) 5 миллиард теңге.
- г) 10 миллиард теңге.

1.4. Қазақстан Республикасындағы банк қызметін реттеудің негізгі қағидаларын қандай құжат айқындайды?

- а) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі.
- б) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР заңы.
- в) «Лицензияландыру туралы» ҚР заңы.
- г) Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.

1.5. Банкті лицензиядан айырған жағдайда депозиторлардың мүдделерін қорғау үшін қандай шаралар қолданылады?

- а) Депозиттерге кепілдік беру қорынан кепілдікті өтем төлеу.
- б) Банктің қарыздарын толық есептен шығару.
- в) Жаңа банктер құру үшін жаңа лицензиялар беру.
- г) Банк активтерін мәжбүрлеп сату.

1.6. Уәкілетті орган банк конгломераттарының оларды міндетті сақтауы үшін белгілейтін пруденциалдық нормативтердің құрамына не кіреді:

- а) Банктің меншікті капиталының ең аз мөлшері.
- б) Жарғылық капиталдың жеткіліктілік коэффициенті.
- в) Өтімділік коэффициенті.
- г) Бір қарыз алушыға шаққандағы тәуекелдің ең жоғары мөлшері.

1.7. Қаржы жылының қорытындысы бойынша аудит жүргізу қандай банктер үшін міндетті шарт ЕМЕС:

- а) Резиденттер.
- б) Бейрезиденттер.
- в) Лицензиядан айырылған.
- г) Барлық банктер үшін міндетті шарт болып табылады.

1.8. Қазақстан Республикасында банктердің аудитін жүргізуге кімнің құқығы бар?

- а) Кез келген аудиторлық компания.
- б) Қаржы ұйымдарының аудитін жүргізуге лицензиясы бар аудиторлық компания.
- в) Кәсіби ұйымның мүшесі болып табылмайтын аудиторлық компания.
- г) Тексерілетін банктердің акционерлерімен үлестес аудиторлық компания.

1.9. Банкті қайта құрылымдау қандай принципке негізделген:

- а) Талаптарды қанағаттандырудың бір кезегіндегі депозиторлар мен кредиторлардың құқықтары мен мүдделерінің тең сақталуы.
- б) Бірінші кезекте кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру.
- в) Бірінші кезекте депозиторлардың жеке тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін сақтау.
- г) Дұрыс жауап жоқ.

1.10. Банктің қаржылық есептілігінде қандай ақпарат болуы керек?

- а) Кірістер мен шығыстар туралы есеп.
- б) Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп.
- в) Капиталдағы өзгерістер.
- г) Жоғарыда айтылғандардың барлығы.

1.11. Егер Жалпы жиналыстың көпшілік даусымен (66%) банктерді біріктіру туралы шешім қабылданса, банктерді ерікті түрде қайта ұйымдастыру кезінде уәкілетті органның рұқсаты талап етіле ме?

- а) Рұқсат талап етілмейді, себебі ерікті қайта құру туралы шешімдер тек жалпы жиналыстың өкілеттіктеріне қатысты.
- б) Егер дауыс саны қатысушылардың жалпы санының төрттен үшінен көп болса, рұқсат талап етілмейді.
- в) Егер қатысушылардың жалпы санының кемінде үштен бірі қайта ұйымдастыруға қарсы болса, рұқсат талап етіледі.
- г) Уәкілетті органның рұқсаты ерікті түрде қайта ұйымдастыру кезінде міндетті.

1.12. Консервациялау кезінде банктің уақытша менеджері қандай мерзімге тағайындалуы мүмкін?

- а) Жарты жылға дейін.
- б) Бір жылға дейін.
- в) Үш жылға дейін.
- г) Қаржылық жағдайы қалпына келгенге дейін.

1.13. Банктер тоқсан сайын аудиторлық растаусыз қандай есептерді жариялайды?

- а) Қаржылай есептілік.
- б) Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп.
- в) Бухгалтерлік баланс.
- г) Капиталдағы өзгерістер туралы есеп.

1.14. Қандай жағдайларда консервациялау рәсімін жүргізу кезінде уақытша әкімшіліктің басшысына және мүшелеріне залал үшін жауапкершілікті жүктеуге жол берілмейді?

- а) 1000 АЕК-дан кем зиян келтірген кезде.
- б) Зиян қалыпты өндірістік тәуекелдер санатына жатады.
- в) Қатысушылардың жалпы жиналысының 500 АЕК-дан аз зиян келтіруге әкеп соққан дұрыс емес ақпарат беруіне байланысты залал келтірген кезде.
- г) Зиянның мөлшері 5000 АЕК-дан аз.

1.15. Қандай жағдайда банк төлемге қабілетсіз деп танылады?

- а) Ол ақшалай міндеттемелерді және ақшалай сипаттағы өзге де талаптарды орындау мерзімі басталған сәттен бастап үш ай ішінде орындауға қабілетсіз болған жағдайда.
- б) Банктің міндеттемелері оның мүлкінің құнынан жоғары.
- в) Ол ақшалай міндеттемелерді және ақшалай сипаттағы өзге де талаптарды орындау мерзімі басталған сәттен бастап алты ай ішінде орындауға қабілетсіз болған жағдайда.
- г) Ол ақшалай міндеттемелерді және ақшалай сипаттағы өзге де талаптарды орындау мерзімі басталған кезден бастап бір жыл ішінде орындауға қабілетсіз болған жағдайда.

## 2-ТАПСЫРМА (15 БАЛЛ)

Инвесторлар тобы Қазақстан Республикасында қайта сақтандыру компаниясын құруға шешім қабылдады. Ол үшін олар заңды тұлғаны тіркеп, тиісті лицензияға құжаттар тапсырды. Біраз уақыттан кейін компания басқа сақтандыру компанияларына қайта сақтандыру қызметтерін көрсете бастады. Компанияның клиенттерінің біріне ірі сақтандыру ұйымы айналды, ол өз тәуекелдерін азайту мақсатында қайта сақтандыру шартын жасасты.

2.1. Қазақстан Республикасындағы қандай Мемлекеттік орган сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензия береді?

- а) Қаржы министрлігі.
- б) Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.
- в) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі
- г) Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау комитеті.

2.2. Сақтандыру ұйымының ұйымдық-құқықтық нысаны:

- а) Акционерлік қоғам және қосымша жауапкершілігі бар серіктестік.
- б) Жауапкершілігі шектеулі серіктестік және акционерлік қоғам.
- в) Акционерлік қоғам.
- г) Мекеме.

2.3. Қазақстан Республикасындағы сақтандыру ұйымы есептіліктің қандай түрлерін ұсынуға міндетті?

- а) Бухгалтерлік баланс, кірістер туралы есеп, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп.
- б) Тек қана бухгалтерлік баланс.
- в) Пайда мен залалдар туралы есеп және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп.
- г) Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп қана.

2.4. Актуарлық есеп негіздер бойынша қандай түрлерге бөлінеді?

- а) Жылдық және тоқсан сайынғы.
- б) Міндетті және бастамашыл.
- в) Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша.
- г) Мемлекеттік және жеке.

2.5. Еншілес ұйымдары жоқ сақтандыру холдингтері қандай қаржылық есептілікті жариялайды?

- а) Ай сайынғы.
- б) Тоқсан сайынғы.
- в) Жартыжылдық біріктірілмеген.
- г) Жылдық біріктірілген.

2.6. Залалдылықты сипаттайтын коэффициенттер:

- а) Минустық коэффициент.
- б) Ауқым-коэффициент.
- в) Залалдылық коэффициенті.
- г) Шығыстар коэффициенті.

2.7. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қызметінің залалдығын көрсететін салыстырмалы көрсеткіштер:

- а) Шығын туралы есеп.
- б) Болжамды шығындардың құны бойынша есеп.
- в) Шығындар коэффициенті.
- г) Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп.

2.8. Актуарийге мәліметтерді ұсынуға кім жауапты?

- а) Қаржы директоры.
- б) Бас бухгалтер.
- в) Басшы.
- г) Құрылтайшылар.

2.9. Егер сақтандыру ұйымы аудиторлық ұйыммен біржолғы қызмет көрсету шартын жасаса, сақтандыру ұйымы өз құрылымында ішкі аудит (аудитор) қызметін атқаруға міндетті ме?

- а) Егер бұл функциялар аудиторлық ұйымға берілсе, міндетті емес.
- б) Сақтандыру ұйымының тиісті лицензиясы бар аудиторы болуы міндетті.
- в) Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз құрылымында қызметі лицензиялауға жатпайтын ішкі аудит (аудитор) қызметі болуға міндетті
- г) Міндетті емес, өйткені құрылымда ішкі аудит қызметінің немесе аудитордың болуы ұсынымдық сипатта болады.

2.10. Деректер базасын жүргізу және қалыптастыру жөніндегі ұйым ұйымның бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету аудитін қаншалықты жиі жүргізуге міндетті?

- а) Жылына бір реттен сирек емес.
- б) Үш жылда бір реттен сирек емес.
- в) Жартыжылда бір рет.
- г) Жылына бір рет.

2.11. Сақтандыру есебі қандай түрлерге бөлінеді:

- а) Шектеулі, жиынтық, стандартты қол жетімділік.
- б) Шектеулі және ашық.
- в) Жабық, ашық, жиынтық.
- г) Жалпы және ерекше.

2.12. Ерікті қайта ұйымдастыруға рұқсат алған жағдайда сақтандыру ұйымы барлық лицензияларды уәкілетті органға қай мерзімде қайтаруға міндетті?

- а) күнтізбелік 30 күн ішінде.
- б) бес жұмыс күні ішінде.
- в) бір апта ішінде.
- г) мерзімі шектелмеген.

2.13. Қандай жағдайда Қазақстан Республикасында сақтандыру компаниясын тарату рәсімі басталуы мүмкін?

- а) Акционерлердің шешімі бойынша немесе сот шешімі бойынша.
- б) Тек акционерлердің шешімі бойынша.
- в) Тек сот шешімі бойынша.
- г) Компания басшысының шешімі бойынша.

2.14. Сақтандыру төлемінің сомасы шегінде сақтандыру төлемін заттай нысандағы залалдың өтемақысымен ауыстыру қандай сақтандыру шартында көзделуі мүмкін?

- а) Мүліктік сақтандыру шарты.
- б) Мүліктік емес сақтандыру шарты.
- в) Жалдау шарты.
- г) Аннуитеттік сақтандыру шарты.

2.15. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мерзімі қандай?

- а) Күнтізбелік 15 күн ішінде
- б) Күнтізбелік ай ішінде.
- в) Сақтандыру шартының талаптары бойынша.
- г) 10 жұмыс күні ішінде.



### 3-ТАПСЫРМА (10 БАЛЛ)

«Орда» компаниясы «Жарық» компаниясымен жабдықтарды жеткізу келісімшартын жасасты. Шартта жабдық 2024 жылдың 1 маусымынан кешіктірілмей жеткізілетіні көзделген. Алайда «Жарық» өз міндеттемелерін белгіленген мерзімде орындай алмады және жабдықты тек 2024 жылғы 15 маусымда жеткізді. «Орда» компаниясы мерзімі өткен әрбір күн үшін айыппұл төлеуді талап етті. Жауап ретінде «Жарық» компаниясы кешігудің форс-мажорлық жағдайларға байланысты болғанын мәлімдеді. «Орда» тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды талап етіп, сотқа шағым түсірді.

3.1. Әрбір кредитор талап етуге құқылы және әрбір борышкер міндеттемені толығымен орындауға міндетті көптеген тұлғалармен міндеттеме қалай аталады?

- а) Үштараптық міндеттеме.
- б) Ынтымақтасқан міндеттеме.
- в) Субсидиарлық міндеттеме.
- г) Үлестік міндеттеме.

3.2. Қандай жағдайларда міндеттеме тоқтатылуы мүмкін?

- а) Тұрақсыздық айыбы төленген жағдайда.
- б) Міндеттеме орындалған жағдайда.
- в) Шарт өзгерген жағдайда.
- г) Шартқа қол қойылған жағдайда.

3.3. Аталған әдістердің қайсысы міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету болып табылады?

- а) Шартты өзгерту.
- б) Міндеттемені тоқтату.
- в) Тұрақсыздық айыбы.
- г) Салық төлеу.

3.4. Тұрақсыздық айыбы деген не?

- а) Міндеттеме бұзылған кезде қайтарылатын кепілақша.
- б) Борышкер міндеттемені бұзған кезде төлеуге жататын ақша сомасы.
- в) Міндеттеме сомасының пайызы.
- г) Міндеттеме орындалғанға дейін ұсталатын депозит.

3.5. Кепілге не жатады?

- а) Кепіл мүлкін алып қою арқылы міндеттемелерді орындамаған кезде міндеттемені тоқтату тәсілі.
- б) Борышкер кепілге қойылған мүліктің құнына қанағаттану міндеттемесін орындамаған жағдайда кредитордың құқығы болатын міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі.
- в) Міндеттемені уақтылы орындамаған немесе орындамаған кезде міндеттемені тоқтатуға берілетін ақшалай сома.
- г) үшінші тұлға борышкердің кредиторы алдында оның міндеттемесінің толық немесе бір бөлігінде орындалуына жауап беруге міндеттенетін міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі.

3.6. Кепілгерлік дегеніміз не?

- а) үшінші тұлға борышкердің кредиторы алдында алдыңғысының өз міндеттемелерін толық немесе бір бөлігінде орындауы үшін жауап беруге міндеттенетін міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі.
- б) борышкер кепілге қойылған мүліктің құнынан қанағаттануды алу міндеттемесін орындамаған жағдайда кредитордың құқылы болатын міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі.
- в) Міндеттемені уақтылы орындамаған немесе орындамаған кезде міндеттемені тоқтатуға берілетін ақшалай сома.
- г) үшінші тұлға борышкердің кредиторы алдында соңғысының өз міндеттемелерін толық немесе бір бөлігінде орындауы үшін жауап беруге міндеттенетін міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі.

3.7. Шарттың маңызды талабына не жатады?

- а) Шарттың бағасы.
- б) Тараптардың қолы.
- в) Шартты жасасу орны.
- г) Шарттың нөмірі.

3.8. Шарт қандай тәртіппен өзгертілуі мүмкін?

- а) Тараптардың бірінің бастамасы бойынша.
- б) Тараптардың келісімі бойынша.
- в) Үшінші тұлғаның талабы бойынша.
- г) Белгілі бір оқиға болған кезде автоматты түрде.

3.9. Шарт қандай жағдайда бұзылуы мүмкін?

- а) Тараптардың бірінің тұрғылықты жері өзгерген жағдайда.
- б) Заңнама өзгерген жағдайда.
- в) Тараптардың келісімі бойынша немесе сот шешімі бойынша.
- г) Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде.

3.10. Сот шешімі бойынша шарт тек қандай жағдайда бұзылуы мүмкін:

- а) екінші тарап шартты елеулі түрде бұзған жағдайда.
- б) міндеттемелерді орындау мерзімі 7 жұмыс күніне бұзылған жағдайда.
- в) қызметтер/тауарлар үшін төлем 10 жұмыс күніне кешіктірілген жағдайда.
- г) Тараптардың бірінің қалауы бойынша.

## 4-ТАПСЫРМА (60 балл)

Төменде келтірілген сұрақтардың әрқайсысы бойынша **ең жақсы** жауапты таңдаңыз. **Әр сұраққа тек бір ғана жауап беріңіз. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз.** Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

4.1. Қазақстан Республикасында акционерлік қоғамды құру үшін қандай ең төменгі жарғылық капитал талап етіледі?

- а) 50 000 АЕК.
- б) 10 000 АЕК.
- в) 3 000 АЕК.
- г) 100 миллион теңге.

4.2. Қазақстан Республикасында акционерлік қоғамның қызметіне жалпы басшылықты кім жүзеге асырады?

- а) Ішкі бақылау қызметі.
- б) Бақылау кеңесі.
- в) Акционерлердің жалпы жиналысы.
- г) Бас директор.

4.3. Акционерлік қоғамның Қазақстан Республикасының уәкілетті органына жылдық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдері?

- а) тоқсанына бір реттен жиі емес.
- б) кем дегенде жылына бір рет.
- в) кем дегенде айына бір рет.
- г) Ешқашан.

4.4. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы (бұдан әрі АЖЖ) өткізілетін күнге дейін жылдық қаржылық есептілік қандай органмен және қандай мерзімде бекітіледі?

- а) Бас директор; АЖЖ-ға дейін 15 күн бұрын.
- б) Директорлар кеңесі; АЖЖ-ға дейін 30 күн бұрын.
- в) жылдық қаржылық есептілік АЖЖ-да.
- г) АЖЖ өткізілген күні оның төрағасымен.

4.5. Егер құрылтай шарты жасалған күннен бастап ЖШС-ны мемлекеттік тіркеу туралы тиісті өтініш берілмесе, қандай мерзімде (егер құрылтай шартында өзгеше мерзім белгіленбесе) ЖШС-ны құру рәсімі ол аяқталғанға дейін тоқтатылады?

- а) Жарты жыл.
- б) Бір ай.
- в) Бір жыл.
- г) Үш жыл.

4.6. Серіктестікті банкрот деп тану немесе оған оңалту рәсімін қолдану кезінде оның қызметіне басшылықты кім жүзеге асырады?

- а) Банкроттық басқарушы.
- б) Директорлар кеңесі.
- в) Бас директор.
- г) Қатысушылардың жалпы жиналысы/жалғыз қатысушы.

4.7. Аталған қағидаттардың қайсысы Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының қағидаттарына жатпайды?

- а) Жер қойнауын пайдалану туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі.
- б) Ұлттық компаниялардың басымдығы.
- в) Жер қойнауын ұтымды пайдалану.
- г) Жер қойнауын пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

4.8. Жер қойнауын пайдаланғаны үшін төлем не арқылы жүзеге асырылады.

- а) Жалдау ақысын төлеу.
- б) Ел экономикасына табыстың 5% мөлшерінде қаржылық қолдау көрсету.
- в) Экологиялық іс-шараларды қаржыландыру.
- г) Салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу.

4.9. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының мақсаты неде?

- а) Жер қойнауын зерттеуге және жер қойнауын пайдалануға инвестициялар тарту үшін жағдай тудыру.
- б) Мемлекеттің жер қойнауына меншік құқығын қорғау.
- в) Минералды-шикізат базасын дамыту.
- г) Жер қойнауын пайдалану саласындағы заңдылықты нығайту.

4.10. Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығының мазмұнына не кіреді?

- а) Жер қойнауын өтеулі негізде пайдалану құқығы.
- б) Жер учаскесіне иелік ету құқығы.
- в) Жер бетінде объектілер салу құқығы.
- г) Қоршаған ортаны қорғау құқығы.

4.11. Қандай жағдайларда қаржы ұйымдары Қазақстан Республикасында «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес клиенттерді сәйкестендіру жөніндегі шараларды қолдануға міндетті ЕМЕС?

- а) Клиентпен іскерлік қарым-қатынас орнату кезінде.
- б) Клиент (оның өкілі), бенефициарлық меншік иесі туралы бұрын алынған мәліметтердің дұрыстығына күмән келтіру үшін негіздердің болуы.
- в) Ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды, оның ішінде күдікті операцияларды жүзеге асыру.
- г) клиент туралы дұрыстығына күмәні жоқ мәліметтер болған кезде.

4.12. Уәкілетті орган заңды тұлғаның бенефициарлық меншік иесі туралы ақпарат пен мәліметтерді беруді қайдан жүзеге асырады?

- а) Бенефициарлық меншік иелерінің тізілімінен.
- б) Заңды тұлғалардың мемлекеттік базасынан.
- в) Жеке тұлғалардың мемлекеттік базасынан.
- г) Заңды тұлғалар қатысушылардың тізілімінен.

4.13. Қаржы мониторингі субъектісі клиент туралы бұрын алынған мәліметтердің дұрыстығына күмәннің болуы туралы шешім қабылдаған кезде, ол туралы мәліметтерді жаңарту қай уақыт ішінде жүзеге асырылады?

- а) бір ай ішінде.
- б) 15 жұмыс күні ішінде.
- в) бес жұмыс күні ішінде.
- г) шешім қабылдаумен қатар түрде.

4.14. Егер аудитор клиенттің күдікті операциясын анықтаса, қандай әрекеттер жасауы керек?

- а) Құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарға олардың құзыретіне сәйкес хабарлау және бұл туралы Бас прокуратураны хабардар ету.
- б) Өзі қатысушысы болып табылатын аудиторлық ұйымның басшысына мәліметтерді Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңнамасына сәйкес хабарлау.
- в) Клиентке хабарлау.
- г) Мемлекеттік кірістер басқармасына хабарлау.

4.15. Аудиторлық ұйым клиенттің күдікті операциясын анықтаған жағдайда қандай әрекеттер жасауы тиіс?

- а) Құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарға олардың құзыретіне сәйкес хабарлау және бұл туралы Бас прокуратураны хабардар ету.
- б) Аудиторлық ұйымның басшысына хабарлау.
- в) Клиентке хабарлау.
- г) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңнамасына сәйкес қаржы мониторингі бойынша уәкілетті органға хабарлау.

4.16. Уәкілетті органға күдікті операция туралы хабарлама беру мерзімі қандай?

- а) дереу түрде.
- б) 1 жұмыс күні бойы.
- в) 3 жұмыс күні бойы.
- г) 7 жұмыс күні бойы.

4.17. Қаржы мониторингі субъектілері ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар жүргізілгенге дейін күдікті деп танылмаған олардың жүргізілгені туралы хабарламаларды операция күдікті деп танылғаннан кейін уәкілетті органға қандай мерзімде ұсынады?

- а) дереу түрде.
- б) 24 сағат ішінде.
- в) 72 сағат ішінде.
- г) 48 сағат ішінде.

4.18. Қандай жағдайларда аудитор күдікті операциялар туралы хабарламауы мүмкін?

- а) Егер операция сомасы 1 миллион теңгеден аз болса.
- б) Егер клиент жазбаша түсініктеме берсе.
- в) Аудитор аудиторлық ұйымның басшысына күдікті операциялар туралы мәліметтерді хабарлауға міндетті.
- г) Егер клиент мемлекеттік ұйым болса.

4.19. Клиент туралы бұрын алынған мәліметтердің дұрыстығына күмәндану үшін негіздер болған кезде аудитор не істеуі керек?

- а) Салық органына дереу түрде хабарлау.
- б) Клиентті қайта сәйкестендіру.
- в) Клиентпен іскерлік қарым-қатынасты тоқтату.
- г) Клиентке күмәні туралы хабарлау.

4.20. Өзінің шеңберінде барлық шекті, ерекше, күдікті операциялардың және типологияларға, АЖ/ҚТ сұлбалары мен тәсілдеріне сәйкес сипаттамалары бар операциялардың мақсаттары мен негіздерін, сондай-ақ қажет болған жағдайда қаржыландыру көзін анықтауға бағытталған іс-шаралар өткізілетін бағдарлама қалай аталады?

- а) Клиенттердің операцияларын мониторингілеу және зерттеу бағдарламасы.
- б) Күмәнді транзакцияларды анықтау бағдарламасы.
- в) Әлеуметтік және өзге де төлемдердің мониторингі бағдарламасы.
- г) Қор төлемдерін бақылау бағдарламасы.

4.21. Аталған түрлердің қайсысы Қазақстан Республикасындағы заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысаны болып табылады?

- а) Жекеменшік кәсіпорын.
- б) Қоғамдық бірлестік.
- в) Кооператив.
- г) Мемлекеттік кәсіпорын.

4.22. Акционерлік қоғамның негізгі құрылтай құжаты қандай құжат болып табылады?

- а) Жарғы.
- б) Келісімшарт.
- в) Жалпы жиналыстың хаттамасы.
- г) Қызметпен айналысуға арналған лицензия.

4.23. Коммерциялық емес заңды тұлғаларды кім тіркейді?

- а) Әділет министрлігі.
- б) Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.
- в) Мемлекеттік кірістер комитеті.
- г) Прокуратура.

4.24. Аталған құқықтардың қайсысы мүліктік құқықтарға жатпайды?

- а) Меншік құқығы.
- б) Жалдау құқығы.
- в) Мұрагерлік құқығы.
- г) Өмір сүру құқығы.

4.25. Қандай жағдайда меншік құқығы тоқтатылуы мүмкін?

- а) Меншік иесі қайтыс болған жағдайда.
- б) Мүлік иеліктен шығарылған жағдайда.
- в) Мүлікті абайсызда жоғалтқан жағдайда.
- г) Заңнама өзгерген жағдайда.

4.26. Аталған құқықтардың қайсысы тек сот шешімімен шектелуі мүмкін?

- а) Меншік құқығы.
- б) Жалдау құқығы.
- в) Мұрагерлік құқығы.
- г) Кепіл құқығы.

4.27. Қазақстан Республикасында заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешімді қандай орган қабылдайды?

- а) Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты (МАЭС).
- б) Мемлекеттік кірістер комитеті.
- в) Әділет министрлігі.
- г) Төрелік соттар.

4.28. Қандай жағдайда заңды тұлға банкрот деп танылуы мүмкін?

- а) Кредитордың талаптарын қанағаттандыру үшін мүлік құны жеткіліксіз болған жағдайда.
- б) 1 миллион теңгеден артық берешегі болған жағдайда.
- в) Жұмыскерлер болмаған жағдайда
- г) Қатысушылардың жалпы жиналысының шешімі кезінде.

4.29. Қазақстан Республикасында авторлық құқықты қорғаудың қандай мерзімі белгіленген?

- а) автор қайтыс болғаннан кейін 50 жыл.
- б) автор қайтыс болғаннан кейін 70 жыл.
- в) автор қайтыс болғаннан кейін 80 жыл.
- г) автор қайтыс болғаннан кейін 100 жыл.

4.30. Аталған құқықтардың қайсысы зияткерлік меншік объектілеріне жатпайды?

- а) Сауда маркасына құқық.
- б) Патент құқығы.
- в) Жер учаскесіне құқық.
- г) Авторлық құқық.

4.31. Қазақстан Республикасында тауар белгілерін қандай орган тіркейді?

- а) Әділет министрлігі.
- б) Зияткерлік меншік комитеті.
- в) Мемлекеттік кірістер комитеті.
- г) Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.

4.32. Аталған нормативтік құқықтық актілердің қайсысы Қазақстан Республикасында жоғары заңды күшіне ие?

- а) Заң.
- б) Жарлық.
- в) Конституция.
- г) Қаулы.

4.33. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді қолданысқа енгізудің міндетті шарты қандай?

- а) Оларды уәкілетті орган арқылы міндетті түрде түсіндіру.
- б) Олардың халықаралық актілерге сәйкестігі.
- в) Алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң.
- г) Олардың ресми жариялануы.

4.34. Жергілікті атқарушы органдар қабылдаған Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері қандай аумаққа қолданылады?

- а) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына.
- б) Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында.
- в) Тек Астана қаласының аумағына.
- г) ТМД аумағына.

4.35. Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілердің күші кімге тарайды?

- а) Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына.
- б) Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық азаматтар мен заңды тұлғаларға.
- в) Тек қана мемлекеттік қызметкерлерге.
- г) Тек Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына ғана.

4.36. Қазақстан Республикасындағы нормативтік-құқықтық актілер жобаларына өзгерістер мен толықтырулар бойынша ұсыныстар енгізуге кімнің құқығы бар?

- а) Кез келген азамат.
- б) Тек парламент депутаттары ғаны.
- в) Президент және үкімет.
- г) Жұмыс тобын құрған мемлекеттік орган.

4.37. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар қандай нысанда енгізіледі?

- а) Жарлық түрінде.
- б) Қаулы түрінде.
- в) Заң түрінде.
- г) Ресми хаттар түрінде.

4.38. Қазақстан Республикасының ұлттық заңдарына қайшы келген жағдайда халықаралық шарттардың қайсысы басымдыққа ие?

- а) Екіжақты халықаралық келісімшарттар.
- б) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімшарттар.
- в) Қазақстан Республикасының ұлттық заңдары.
- г) Ратификациялауды талап етпейтін халықаралық келісімшарттар.

4.39. Ратификациялауға жатпайтын мемлекетішілік рәсімдерді жүргізуді көздейтін халықаралық келісімшарттар бекітілуге, қабылдануға жатады:

- а) Оларға Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі қол қойғаннан кейін.
- б) Оларды Қазақстан Республикасының Парламенті ратификациялағаннан кейін.
- в) Оларға Конституциялық Кеңес қол қойғаннан кейін.
- г) Олар ресми БАҚ-та жарияланғаннан кейін.

4.40. Қазақстан Республикасында қандай ұйым қайта сақтандыруды жүзеге асыра алады?

- а) Қайта сақтандыру жөніндегі лицензия негізінде қайта сақтандыру ұйымы.
- б) Лицензиясы жоқ жеке тұлға.
- в) Кез келген заңды тұлға.
- г) Жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға.



4.41. Қазақстан Республикасындағы сақтандыру омбудсменінің негізгі қызметі қандай?

- а) Сақтандыру компанияларының мүдделерін білдіру.
- б) Сақтандыру ұйымдары мен сақтанушылар арасындағы дауларды реттеу.
- в) Сақтандыру қызметіне арнап лицензиялар беру.
- г) Сақтандыру агенттерінің қызметін бақылау.

4.42. Аталған шаралардың қайсысы заңнаманы бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сақтандыру ұйымдарына қолданатын санкция болып табылады?

- а) Бұзушылықтарды жою бойынша консультациялар беру.
- б) Сақтандыру компанияларының қызметкерлері үшін оқыту семинарларын өткізу.
- в) Уақытша әкімшілікті енгізу.
- г) Ішкі бақылауды жақсарту бойынша ұсыныстарды жариялау.

4.43. БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқаруға кімнің құқығы бар?

- а) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.
- б) Жеке басқарушы компаниялар.
- в) БЖЗҚ.
- г) Қаржы министрлігі.

4.44. Қазақстан Республикасында зейнетақы қорларының қандай түрлері бар?

- а) Мемлекеттік және жеке зейнетақы қорлары.
- б) Міндетті және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары.
- в) Аймақтық және ұлттық зейнетақы қорлары.
- г) Коммерциялық және коммерциялық емес зейнетақы қорлары.

4.45. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары өз қызметін ненің негізінде жүзеге асырады?

- а) Жарғының негізінде.
- б) Бұйрықтың негізінде.
- в) Лицензияның негізінде.
- г) Әлеуметтік кодекстің негізінде.

4.46. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жарналардың қандай түрлерін тартуға құқылы?

- а) Міндетті зейнетақы жарналары.
- б) Ерікті зейнетақы жарналары.
- в) Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары.
- г) Салықтық жарналар.

4.47. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшысы және акционері кім?

- а) ҚР Үкіметі.
- б) Қаржы министрлігі.
- в) ҚР Ұлттық банкі.
- г) Ұлттық экономика министрлігі.

4.48. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларын сенімгерлік басқаруды кім жүзеге асырады?

- а) Жергілікті атқарушы орган.
- б) «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ.
- в) ҚР Ұлттық банкі.
- г) ҚР Үкіметі.

4.49. ҚР заңнамасына сәйкес ЖЗҚ-дан мақсатты жинақ төлемдерін қандай мақсатта пайдалануға болады?

- а) Шетелде жылжымайтын мүлік сатып алу үшін.
- б) Тұтынушылық несиені өтеу үшін.
- в) Саяхаттың ақысын төлеу үшін.
- г) Тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін.

4.50. ҚР-да жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін қандай жас белгіленген?

- а) Еркектер – 65 жас, әйелдер – 59 жас.
- б) Еркектер – 60 жас, әйелдер - 58 жас.
- в) Еркектер – 63 жас, әйелдер – 58 жас.
- г) Еркектер – 65 жас, әйелдер – 60 жас.

### **ЕМТИХАНДЫҚ ТАПСЫРМАНЫҢ СОҢЫ**









**БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ**

**БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ**